



ТҮРКІ МЕМЛЕКЕТТЕРІНІҢ ПАРЛАМЕНТТІК АССАМБЛЕЯСЫ

ҚОРШАҒАН ОРТА, ТАБИҒИ РЕСУРСТАР ЖӘНЕ ДЕНСАУЛЫҚТЫ САҚТАУ ЖӨНІНДЕГІ КОМИССИЯ

СЕГІЗІНШІ ОТЫРЫС

2023 жылғы 6 наурыз, Баку

ҰСЫНЫМ

ТҮРКПА-ҒА МҮШЕ ЕЛДЕРДЕ БИОӘРТҮРЛІЛІКТІ ҚОРҒАУ

Парламенттік Ассамблея:

Биоәртүрлілік ТҮРКПА-ға мүше мемлекеттердің табысты әлеуметтік-экономикалық дамуына басты қауіп төндіретін аса маңызды экологиялық және әлеуметтік-экономикалық проблемалардың бірі болып табылатынын **назарға ала отырып**;

Топырақ пен су объектілерінің қышқылдануының жоғары деңгейін, биоәртүрліліктің жоғалуын, топырақ эрозиясының жоғарылауын және қалдықтар мен ластанудың көбеюін қамтитын экологиялық салдарға қатысты алаңдаушылықты **ескере отырып**;

ТҮРКПА-ға мүше мемлекеттердің биоәртүрлілікке байланысты халықаралық конвенциялар мен заңдарға қосылып, оларды қабылдағанын **айта отырып**;

Биоәртүрлілікті адам өмірі сапасының аса маңызды элементтерінің бірі, демек, ТҮРКПА өңіріндегі әрбір мемлекеттің дамуының аса маңызды факторы ретінде **қарастыра отырып**;

Табиғи ресурстарды экологиялық пайдалану бойынша ТҮРКПА-ға мүше мемлекеттерде өткізілетін семинарларды, конференцияларды, форумдарды және басқа да іс-шаралар түрлерін **қолдай отырып**;

2015 жылдың қыркүйегінде БҰҰ Бас Ассамблеясы қабылдаған Тұрақты Даму Мақсаттарын (ТДМ), сондай-ақ биоәртүрлілікті сақтау және тұрақты пайдалану үшін жаһандық серіктестік пен аймақтық ынтымақтастыққа ерекше мән беретін халықаралық негіз болып табылатын Биологиялық әртүрлілік туралы конвенцияны **қолдай отырып**;

Парламенттер үкіметтерді туындайтын экологиялық проблемаларға тез және тиімді жауап беруге шақыру арқылы табиғи ресурстарды тұрақты басқаруды қамтамасыз етуде шешуші рөл атқара алатынын **ескере отырып**;

Мүше мемлекеттердің парламенттері арасындағы екіжақты немесе көпжақты келісімдер негізіндегі ынтымақтастығын, сондай-ақ олардың халықаралық және өңірлік мамандандырылған ұйымдармен әріптестігін **атап өте отырып**,

Ассамблея ТҮРКПА-ға мүше мемлекеттердің парламенттеріне келесіні ұсынады:

- a) кейіннен мүше елдердің заңнамасын үйлестіруге және жақындастыруға бағыттайтын биоәртүрлілікті басқаруға қатысты құқықтық базаны **жетілдіру**;
- b) халықтың әлеуметтік белсенділігін **арттыру**, елдің дамуы үшін маңызды және стратегиялық міндеттер болып табылатын табиғи ресурстық әлеуетті сақтау үшін жауапкершілікті сезінуді **қалыптастыру**;
- c) осы мәселе бойынша мүше елдер арасындағы тиімді өңірлік және екіжақты ынтымақтастықты кеңейтуге бағытталған **күш-жігер жұмсау**;
- d) ТҮРКПА-ға мүше елдер арасындағы тиісті салалардағы ынтымақтастықтың басқа да басымдықтарын **айқындау**;
- e) ақпарат және тәжірибе алмасу, кадрлар даярлау және бірлескен зерттеу бағдарламалары сияқты салаларда өңірлік және екіжақты ынтымақтастықты **нығайту**;

f) мүше елдердегі биоәртүрлілікті қорғауға байланысты заңнаманы зерделеу, тиісті құжаттарды *жинау* және тиісті саладағы заңдарды жақындастыру мақсатында оларды *талдау*.